

БҰЛ БІР АҚЫЛ ҮШІН, АР ҮШІН БОЛСЫН!¹

(М. БАЙМАХАНОВТЫҢ АТЫНДАҒЫ
ДӘРІС ЗАЛЫНЫҢ АШЫЛУЫ ТУРАЛЫ)



А. Ж. НАУРЫЗБАЙ,
«ҚазГЗУ» АҚ Басқарма хатшысы, Ғалым хатшы, Құқықтық
саясат және конституциялық заңнама ФЗИ бас ғылыми
қызметкер, з.ф.к., доцент

Мақала Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің 20-жылдығын салтанатты мерекелеу шеңберінде танымал ғалым-заңгер, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Мұрат Тәжі-Мұратұлы Баймахановтың атындағы дәріс залының ашылуына арналған. Автор академиктің зерттеулеріне, оның заң жобаларына қатысқан белсенді қызметіне көңіл аударады. Себебі, профессор ірі мемлекеттік шешімдерді – конституция жобаларын, елдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын құқықтық қамтамасыз ететін әкімшілік реформаларды дайындаушылардың бірі болып табылады. Оның 50-ден аса шәкірті кандидаттық, ал 10-ы докторлық диссертация қорғаған.

Түйінді сөздер: М. Баймаханов, ҚазГЗУ, ҚазГЗУ 20-жылдығы, мемлекет теориясы мен құқығы, білі беру, ғалым, заңгер, мұғалім, есім берілген аудитория, дәріс залы.

2014 жылғы 12 наурызда Қазақ Гуманитарлық-Заң Университетінің 20-жылдығы мерейтойы қарсаңында заң әлемі атаулы күн – атақты ғалым-заңгер, заң ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Мұрат Тәжі-Мұратұлы Баймаханов атындағы дәріс залының ашылуын атап өтті. Оның аты біздің республикамыздың аумағынан тысқары белгілі. Республиканың саяси өміріне және қазақстандық ғылым мен білімнің дамуына елеулі үлес қоса отырып, ол мемлекет және құқық теориясының қазақстандық мектебінің негізін қалаушысы болды. Заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ Гуманитарлық-Заң Университетінің ғылыми сараптама және талдау ғылыми-зерттеу институтының директоры.

Білім алатындардың бастамасына арналған жаңартылған алаңды «ҚазГЗУ» АҚ Президенті, з.ғ.д., профессор М. Нәрікбаев, Басқарма төрағасының орынбасары Ф. Құдайбергенов, Ұлттық құқық жоғары мектебінің Директоры, з.ғ.д., профессор У. Шапак және мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы ашты.

Дәріс залы ҚазГЗУ басты оқу корпусында орналасқан. Көптеген кітаптарымен, ұлттық үлгіде рәсімделген, онда шығармашылық қалып орын алған. Бұл кітаптар – оның еңбектерінің кішкене ғанасы. Атақты заңгер, майталман публицист, профессор, академик бірталай еңбектер, монографияларды шығарды. Оның

атаулы дәріс залының ашылуы – білім алушыларға Мұрат Тәжі-Мұратұлы және оның шығармашылығын танып білуге бірегей мүмкіндік. Өйткені барлығы ғылымның жасалуына себебін тигізетін адамдарды міндетті түрде білу қажет.

М. Баймаханов – 400 аса атаулы ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттердің авторы. Олардың арасынан «Становление суверенитета Республики Казахстан (государственно-правовые проблемы)» (1994 ж.); «Взаимодействие правового сознания с моралью и нравственностью в обществе переходного периода» (1995 ж.); «Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан» (2001 ж.); «Функции профессионального государства» (2003 ж.); «Сочетание международно-правовых и внутригосударственных форм обеспечения и защиты прав и свобод человека и гражданина» (2007 ж.); «Книги скорби» (2012 ж.) және т.б. бөліп көрсету қажет.

Профессор заңшығармашылық қызметке белсенді қатысады. Ірі мемлекеттік шешімдердің – конституциялар, әкімшілік реформалар, елдің әлеуметтік-экономикалық даму стратегияларын құқықтық қамтамасыз ету жобаларын әзірлеушілердің бірі болды. Ол көптеген заң жобаларының жұмысына қатысты, соның ішінде «Жаппай саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» (1993 ж.), «ҚР мемлекеттік тілі туралы» (2006 ж.), ҚР мемлекеттік құқықтық саясатының тұжырымдамасы (2002 ж.) және т.б. Оның терең білімдері және жоғары кәсіпқойлығы 1978 жылғы ҚазКСР Конституциясы, 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы жобаларын қалыптастырумен байланысты құжаттар жобаларын дайындау кезінде талап етілген.

Профессор М. Баймахановтың ғылыми қызығушылығының аясы өте кең: оны құқықтық ғылымдағы қайшылықтар санатының әдістемелік ролі, олармен берілген мемлекеттік функцияларды орындау ісінде қоғамдық ұйымдардың норма шығармашылық қызметі, конституциялық заңнама тұрғысында тұлғаның санасына құқықтық ықпал ету мәселелері, Қазақстанның Конституциясында құқықтық мемлекет қағидаттарының іске асырылу мәселелері сұрақтары құрады. Профессор М. Баймаханов ұлағатты Ұстаз болып табылады. Оның 50 аса шәкірттері кандидаттық диссертацияларын және 10 – докторлық диссертацияларын қорғады. М. Баймаханов Ш. Уалиханов атындағы ҚазКСР ҒА премиясының лауреаты (1973 ж.). табысты және адал ғылыми-педагогикалық қызметі үшін «Тың жерлерді игергені үшін» (1970 ж.) медалімен марапатталды, бірнеше рет ҚазКСР Жоғарғы Сотының Құрмет грамота-

ларымен (1974 ж., 1976 ж., 1983 ж.), «Еңбек ардагері» (1992 ж.), «ҚР Конституциясына 10 жыл» (2005 ж.), «Үздік автор» номинациясында А. Байтұрсынов атындағы Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының ассоциациясының күміс медалімен (2006 ж.) және т.б. мадақталды.

Жиналғандар еліміздің ғылымы мен біліміне баға жетпес қосқан үлесі үшін алғыс және ризашылық сөздерін айтты. Жетекші ғалымдардың сөздері тыңдалды. Біз, М. Тәжі-Мұратұлының шәкірттері үшін, оның өмірлік жолы, ісіне ерекше берілгендігі, профессордың жетістіктері отандық ғылым мен білімге қызмет етудің үлгісі болып табылады.

«ҚазГЗУ» АҚ Президенті, з.ғ.д., профессор М. Нәрікбаев өзінің сөзінде «университетте атаулы аудиторияларды ашу дәстүрі көп жылдар бойы жалғасын тауып келе жатыр және оқу орнының оқу-материалдық базасын нығайтуға, алдыңғы ұрпақтың тарихын, дәстүрлерін сақтауға, сондай-ақ, заң ғылымы мен білімінің мәртебесін жоғарылатуға қызмет ететінін атап өтті. өзінің қызметімен ғылымның атақ, даңқ пен абырой туғызатын қадірлі адамдардың құрметіне осындай дәріс залдарын құру қажет және пайдалы. Бұл қазіргі заман білім алушыларының тәрбие ісі үшін маңызды, өйткені, ең үздік тәрбие – жанды және айқын үлгі. Біздің көптеген бастамаларымыз жас адамдардың өз шығармашылық әлеуетін, өз зияткерлік мүмкіндіктерін ашуға бағытталған. Бұл дұрыс мақсатты тұжырымдаумен, яғни, алдағы қызметтің мақсатымен ілесіп жүруі маңызды. Талант немесе әлеует – Тәңірдің сыйы, сый үлкен болған сайын, жауапкершілік те жоғары. Біздің әлемдік көзқарасымыздың дұрыс рухани қалыптасуы өмірдегі табыстың міндетті шарты болып табылады. Мұрат Тәжі-Мұратұлымен бір ауа жұту үлкен қуаныш.. Академик М. Баймаханов болып табылатын осындай көлемдегі



Ашылу рәсімі. 12.03.2014 ж.

ғалымдар, бүкіл Қазақстан халқының игілігі. Дәл сол себептен университетте М. Баймаханов атындағы дәріс залын ашу туралы шешім қабылданды.

Шақырылған қонақтардың бірі з.ғ.д., профессор, Л. Гумилев атындағы ЕМУ халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі Е. Абайделдинов өзінің сөз сөйлеуінде «осыншама кең және жабдықталған оқу аудиториясы енді отандық заң ғылымы мен жоғарғы білім ісіне, мемлекеттік құрылым мен заң шығармашылық процессіне баға жетпес үлес қосқан атақты ғалым, тамаша ойшыл, мөлдірдей таза ниетті адам туралы білімдер нұрын алып жүреді». Сонымен қатар «еңбегі сіңген ғалымдардың құрметіне бірқатар осындай атаулы аудиторияларды құру туралы ҚазГЗУ



Фемида Жаббаева А., ҰҚЖМ директорының орынбасары Байсеитова Ж. А. мен студенттік актив. 12.03.2014 ж.



«ҚазГЗУ» АҚ Президенті, з.ғ.д., профессор М. Нәрікбаев

басшылығының шешімі – күмәнсіз жоғары дәрежедегі қайырымды іс екенін атап өтті. Бұл біздің көрнекті замандастарымызға құрмет көрсету. Аға буын, қазіргі заман қазақстандық ғылымның негізін салушыларға деген ықылас пен қамқорлық, жетіліп келе жатқан жас буын ғалымдар мен тәжірибе жинақтаушы – студенттер, магистранттар мен докторанттарға үлкен тәрбие алып жүреді».

Профессордың атаулы дәріс залының салтанатты ашылу рәсіміне республикамыздың ғылым мен саясат қайраткерлері, атақты



Шақырылған қонақтардың бірі, Л. Гумилев атындағы ЕМУ халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі з.ғ.д., профессор Е. Абайделдинов



З.ғ. д., профессор, ҚР ҰҒА академигі М. Т.-М. Баймаханов

заңгерлер, профессорлық-оқытушылық құрамның өкілдері, студенттер, магистранттар және докторанттар, оның замандастары мен шәкірттері қатысты. Шақырылған қонақтар және Мұрат Тәжі-Мұратұлының достары ол туралы, оның еңбегері және жоспарлары туралы айтты. Кездесуде заңгер, педагог, ұстаздың қазақстандық ғылым мен білім дамуына шексіз қосқан үлесі туралы айтылды. Қатысушылар жағымды еске түсірумен бөлісті, профессордың өмірі мен қызметі туралы әңгімелер айтылды.

Төменде академик М. Баймахановтың атындағы дәріс залының ашылуында сөйлеген сөзінің мәтінін келтіреміз:

*Құрметті Мақсұт Сұлтанұлы және Талғат Мақсұтұлы!
Құрметті әріптестер, достар, бүгінгі рәсімге қатысушылар!
Ең алдымен Мақсұт Сұлтанұлына және Талғат Мақсұтұлына үлкен алғысымды білдіремін. Керемет жобаның маған тікелей қатысуы бар екенін, жобаның аты менің атыммен байланыстырғанын еске алатын болсақ – осы айтқан сөзімнің жаны бар екенің көруге болады. Бұны еске алмасақ, үлкен қате жасауымыз мүмкін.*

*Уважаемые Максуд Султанович и Талгат Максудович!
Уважаемые коллеги, друзья и участники сегодняшней церемонии!
Я выражаю огромную благодарность за то, что данный проект как-то касается меня, даже назван моим именем, и я признателен за это, хотя я не совсем достоин этого.*

Тем не менее, хотел бы как-то абстрактно охарактеризовать свое отношение, как к проекту, так и к его осуществлению.

Обращает на себя внимание то, с каким чувством взыскательности, такта и умения подобрана данная аудитория. Она вместительная, хорошо спланирована, нацеливает присутствующих на размышления, сопоставления и сравнения, не оставляет находящихся тут людей равнодушными и непричастными. Наоборот, чувство сопричастности к той отрасли нашей жизни, которая сегодня преобладает здесь, дает о себе знать. Я имею в виду юриспруденцию, которая многогранна, почти всеохватна, имеет непосредственное отношение к производственной, общественно-политической, социальной, морально-нравственной системе отношений. Один из крупных современных американских ученых-юристов Гарольд Берман, перефразируя высказывание французского политического, дипломатического, военного деятеля времен I мировой войны Клеман-



М. Баймахановтың атындағы дәріс залы

со, говорил: «право не является делом одних только юристов; оно – общее дело всего народа и каждый человек призван заботиться о повышении потенциала и качества права; последнее касается межличностных связей и взаимодействий».

Авторы сумели интегрировать ряд сфер воедино, но поставили во главе всего действия юриспруденцию: ведь она сыграла определенную роль в том, что человечество превратилось в стройный конгломерат людей, осмысливающих свою жизнь, оценивающих результаты действий и поступков, заботящихся о консолидации, единении и противостоящих раздробленности. Теория права рассматривает объединительно-воздействующую роль права, которая сказывается в конечных результатах цементирования общества.

Поэтому считаю, что в основу возведения этой аудитории положены, на мой взгляд, нетривиальные идеи, которые пронизывают саму структуру аудитории, ее пространственное воплощение, ее архитектурное решение, человеческое наполнение. Авторы этого проекта как люди демократические не стремились к ограничениям, а наоборот старались открыть возможности максимальной широты и простора видения. На мой взгляд, это демонстрирует раскованность души.

Аудитория – место восприятия, осмысления, оценки многих новых идей, их использования в своих делах и начинаниях, их развития, разворачивания на их основе целых концепций и теорий. Поэтому следует шире оценивать факт открытия аудитории (класса или зала), имеющих определенную направленность, а также «выходы» на соседние области знаний.

В заключение еще раз хочу поблагодарить авторов проекта, особенно Максуда Султановича и Талгата Максудовича за выдвижение, обоснование, всестороннее осмысление, разработку основной идеи и деталей создания сегодняшней аудитории, воплощение в жизнь замысла создания такой аудитории и за их стремление к обогащению нашей духовной жизни.

Спасибо за внимание.



Шақырылған қонақтар

А. Ж. Наурызбай: Служить делу разума и чести! (об открытии лекционного зала им. М. Баймаханова).

Статья посвящена открытию именного лекционного зала известного ученого-юриста, доктора юридических наук, профессора, академика НАН РК Мурата Таж-Муратовича Баймаханова, в рамках торжественного празднования 20-летия Казахского Гуманитарно-Юридического Университета. Автор уделяет внимание исследованиям академика, его активному участию в законопроектной деятельности. Ведь профессор является одним из разработчиков крупных государственных решений – проектов конституций, административных реформ, правового обеспечения стратегий социально-экономического развития страны. Свыше 50 его учеников защитили кандидатские и 10 – докторские диссертации.

Ключевые слова: М. Баймаханов, КазГЮУ, 20-летие КазГЮУ, теория государства и права, образование, ученый, юрист, учитель, именная аудитория, лекционный зал.

A. Nauryzbai: Everything should serve for the sense and honor! (regarding the opening of the lecture hall named after M. Baymahanov).

The article is devoted to the opening of lecture hall named after known legal scholar, Doctor of Law, Professor, Academician of National Academy of Science of the Republic of Kazakhstan Murat Taj Muratovich Baymahanov. This event was due to the solemn celebration of the 20th anniversary of the KAZGUU University. The author pays especial attention to the research of the academician, his active participation in a state legislative activities. As the professor is one of the developers of major government decisions – drafts of constitution, administrative reforms, legal strategies for promotion of socio-economic development of the country. More than 50 of his students presented their PhD and 10 of them doctoral dissertation.

Keywords: M. Baimakhanov, KAZGUU University, the 20th anniversary KAZGUU University, the theory of state and law, education, scientist, lawyer, teacher, name auditorium, lecture hall.